

М.Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектебінің

Қамқоршылық кеңес отырысының

Хаттамасы №4

19.04.2021 ж

Ақтөбе қаласы

Қатысқаны: 9

Қатыспағаны: 0

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1. Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын-алу;
2. Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру.

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша-мектеп директоры Ж.Т.Жанайдаров:

- Құрметті кеңеске қатысушылар, бүгінгі күн тәртібінде қаралатын екі мәселе бойынша ойымызды ортаға салып отырамыз. Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын-алу жұмыстары жүргізу үшін қамқоршылық кеңесі отырысында қаралды. Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтардың алдын-алу жұмыстары жүргізу үшін құқықтық негіздерді мектеп жағдайында қалыптастыру. Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын-алу қоғамдағы қылмыстың алдын-алудың аса маңызды аспектісі болып табылады. Занды, әлеуметтік пайдалы қызметке және қоғам мен өмірге ізгілікті көзқарас қалыптастырып, жастарды қылмыстық қызметке жол бермейтін қағидаларға тәрбиелеу қажеттігін атап өтті. Қазақстан Республикасында кәмелетке толмағандардың арасында құқықбұзушылықтың алдын-алу және балалардың қадағалаусыз және қараусыз жүруінің алдын-алу жөніндегі заңнаманы қалыптастыру және дамыту жұмысы қолға алынған. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауында жаһандық дағдарысқа қарамастан мемлекеттің әлеуметтік саясаты - ең алдымен қамқоршылары баланы оқытуға, жағдайы келмеген кезде кәмелетке толмағандарға мемлекеттің есебінен жоғары және арнайы орта білім алу мүмкіндігін қамтамасыз етуге керектігін айтқан болатын. Сол үшін әрбір бала тегін біліммен қоса саналы тәрбие алу керек екенін атап өтті.

Келесі сөзді кәмелетке толмаған істер жөніндегі учаскелік инспекторы Л.Р.Қуанышева: «Әрбір азамат еліміздегі тәртіп пен қауіпсіздікке жауапты болуға тиіс. Әр тұрғын кез келген тәртіпсіздіктің жолын кесуге міндетті. Оны басқа біреу істейді деп күтпеу керек, арнайы органдарға сілтеудің қажеті жоқ. Ұсақ бұзақылық, яғни қоғамдық орындарда былапыт сөйлеу, жеке тұлғаларға қорлап тиісу, тұрғын үй-жайларды қорлау, ортақ пайдалану орындарын, саябақтарды, скверлерді ластау түрлерімен шұғылдануға тарту үшін пайдалану, мерекені өткен жылдағы оң жетістіктерін насихаттауға және жаңа жылға көзделген мақсаттарды түсіндіруге бағытталған акпарттық-идеологиялық тұрғыдан сүйемелдеу.

2. Екінші мәселе бойынша-әлеуметтік педагог Э.К.Нурбаева сөз сөйлейді:

-Бүгінгі күн тәртібінде қаралатын екінші мәселе бойынша 2020-2021 оқу жылының жазғы кезеңде балалар мен жасөспірімдердің демалысын, сауықтырылуын, жұмыспен қамтылуын ұйымдастырылуы, әлеуметтік жағдайы төмен отбасы балаларының қала сыртындағы лагерьмен қамтылуы туралы айтылды. 2021 жылда қала сыртындағы лагерьлер «Ракетка», «Ақбөбек», «Сымбат», «Шапағат», «Восток» жекеленген санаттағы, әлеуметтік жағдайы төмен отбасы балалары, атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасы балалары мен аз қамтылған отбасы балаларының жазғы демалысын ұйымдастыру. Осы лагерьдің ішіндегі қаражаты ең төмен «Ракетка» лагерьі. Оқушылардың қала сыртындағы «Ақбөбек» лагерьіне 6 оқушының және «Сымбат» лагерьіне 2 оқушының демалуы көзделіп отыр. Қала сыртындағы лагерьлерге қабылдау мемлекеттік қызмет арқылы жүзеге асырылады, ата-аналар халыққа қызмет көрсету орталығы арқылы өтініш жасайды. Мектепке тек қана 10 оқушыға қала сыртындағы лагерьде І ауысымда демалу жоспарланған.

-Мектебімізде мектеп әкімшілігімен келісе отырып, 3 айдан тұратын мектепшілік жазғы алаң ұйымдастырылғалы отыр. Жазғы алаң бойынша жұмыстану шаралары басталып кетті. Жұмыс жоспары жасалынып, жаз бойы оқушыларымыздың демалысын жақсы деңгейде өткізуді жоспарлап отырмыз.

Қаулы:

1. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықты алдын алу жұмыстары жалғастырылсын.
2. Мектеп жанындағы жазғы демалыста оқушылардың бос уақытының ұйымдастырылуы тиісті деңгейде жүзеге асырылсын.

Қамқоршылық кеңес төрағасы

Қамқоршылық кеңес төрағасының орынбасары

Кеңес мүшесі

Кеңес мүшесі

Кеңес мүшесі

Кеңес мүшесі

Кеңес мүшесі

Кеңес мүшесі

Кеңес мүшесі

Хатшы

А.Баймағанбетова

Н.Шәмішова

Н.Махамбетов

Г.Утегенова

А.Жармаханова

А.Ажигалиева

А.Сапарғалиева

С.Орын

Қ.Балмуханова

А.Шамова